

ПРИОЗЁРСКИЙ

№29/517

21 июля 2017 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

РЕФОРМЫ: ШАГ ЗА ШАГОМ

Важнейшим событием в плане укрепления и развития казахстанской идентичности и единства стало принятие 26 апреля 2016 года на XXIV сессии АНК общенационального патриотического акта «Мәңгілік Ел» – уникального документа, в котором закреплены базовые ценности казахстанского народа.

Этот аспект особо подчеркнул министр культуры и спорта РК Арыстанбек Мухамедиұлы, выступая на пресс-конференции в Правительстве, посвященной вопросам реализации четвертой институциональной реформы «Идентичность и единство» Плана нации «100 конкретных шагов». Для реализации поставленных задач ведомством проделана масштабная работа. На сегодня полностью реализованы 85-й, 86-й и 87-й шаги. На исполнении находятся 89-й и 90-й.

В рамках реализации 86-го шага разработан и полностью реализован проект Ассамблеи народа Казахстана «Большая страна – большая семья». Во всех регионах созданы и работают свыше 30 Домов дружбы, которые стали значимым механизмом обеспечения деятельности АНК. В целях укрепления казахстанской идентичности на базе ценностей «Мәңгілік Ел» в Национальном музее и в 13 региональных музеях появились залы истории многоэтничности Казахстана и истории ассамблеи.

Важное значение имеет новая Концепция развития туристской отрасли страны до 2023 года, утвержденная постановлением Правительства в прошлом месяце. При этом политика развития туризма ориентирована на создание шести региональных культурно-туристских кластеров с необходимой инфраструктурой, географически охватывающих весь Казахстан. Где Астана – это «Геополитический перекресток культур», Алматы – «Колыбель цивилизаций», Вос-точный Казахстан – «Жемчужина Алтая», а Западный – «Каспийские ворота». «Возрождение Великого Шелкового пути» – это Южный Казахстан, «Единство природы и кочевой культуры» – Северный.

Акцентируется внимание на развитии новых для Казахстана видов туризма – сакрального, экологического, охотничье-трофейного, культурно-познавательного, медицинского, спортивного и других с учетом специфики регионов. К примеру, для кластера Астана – «Геополитический перекресток культур» приоритетным стал сакральный туризм, включающий в себя места от Ульгатау до лагерей Карлаг и Алжир.

Рассказывая о реализации 87-го шага, министр остановился на новых проектах в сфере культуры. Так, в текущем году была обновлена Концепция культурной политики по опыту стран ОЭСР. Благодаря концептуальному подходу отрасль выведена на качественно новый уровень развития.

Немаловажно и то, что все центральные музеи получили лицензии на проведение научно-исследовательских работ, что позволяет им наряду с традиционной выставочной деятельностью активно заниматься наукой, как это принято во всем мире. Во всех ведущих музеях внедрены различные мультимедийные средства.

По опыту передовых европейских стран действует ежегодная акция «Ночь в музее», пользующаяся огромной популярностью среди населения. Например, только Национальный музей в «рабочие ночи» посещают свыше 30 тыс. человек!

При министерстве созданы художественные советы по 13 направлениям с участием представителей сферы культуры и искусства. Благодаря их работе выстроена единая репертуарная политика. Творческие учебные заведения переданы Министерству культуры и спорта. Это позволило сформировать единое образовательное пространство в сфере

культуры и искусства и успешно внедрить систему дуального обучения.

Должное внимание уделяется и международному сотрудничеству. Так, в рамках расширения сотрудничества с ЮНЕСКО в 2015 году в Алматы на базе Государственного музея книги создан Центр сближения культур, которому будет присвоен статус Центра ЮНЕСКО 2-й категории. Центр возглавил академик и известный ученый Карл Байпаков.

Важной составляющей успеха является здоровая нация. Поэтому вопросам развития физической культуры и массового спорта в Казахстане уделяется особое внимание. Активно развивается спортивная инфраструктура, в том числе и в сельской местности. На начало 2017 года в республике насчитывалось свыше 11 тыс. спортивных сооружений, что по сравнению с 2015 годом больше на 4,5% (10,6 тыс.). Планируется, что количество граждан, систематически занимающихся физкультурой и спортом, вырастет с 27% в настоящее время до 30% к 2020 году.

Отчитываясь о поэтапном выполнении Плана нации, Арыстанбек Мухамедиұлы остановился и на реализации 89-го шага, касающегося разработки и реализации национального проекта «Нұрлы болашақ».

– С этого года мы начали реализацию третьего этапа (2017–2020 гг.) обновленной Государственной программы развития и функционирования языков на 2011–2020 годы, где предусмотрены меры по поэтапному внедрению трехязычного образования, – отметил министр, сделав акцент на стандартизации методологии обучения языкам, разработке и издании учебно-методических интерактивных пособий, переводе мировой классической литературы.

Также глава ведомства сообщил, что для обеспечения широкого доступа населения к изучению языков созданы и действуют мультимедийные интерактивные площадки – портал Tilalemi.kz, орфографическая база Eml.kz, ономастическая база Atau.kz, терминологическая база Termincom.kz.

Для самых маленьких на основе анимационных фильмов по изучению государственного языка разработаны мультимедийные программы «Ғажайып қазақ тілі» и «Ваш спутник». Кроме того, в республике действует свыше 80 центров обучения языкам.

В рамках реализации 90-го шага реализуется Комплексный план «Мәңгілік Ел» по созданию серии кино- и телепроектов, повествующих об истории и культуре страны, выдающихся деятелях и исторических личностях.

Так, к юбилею Независимости РК было презентовано 26 кинокартин. Среди них 9 художественных, 9 документальных, 7 дебютных и 1 анимационный фильм. Все ленты ориентированы на международный рынок проката и уже получили большую популярность и признание у казахстанского и зарубежного зрителя.

В производстве находится 28 художественных и документальных фильмов. В их числе такие исторические проекты, как продолжение эпопеи «Путь лидера. Астана», фильм «Томирис», «Сұлтан Бейбарыс», телесериал «Қазақ Елі-2».

– Буквально на днях будет презентован фильм «Песни Амре», посвященный жизни и творчеству выдающегося казахского певца Амре Кашаубаева, – сказал министр.

Подытоживая выступление, Арыстанбек Мухамедиұлы сообщил, что министерство приступило к реализации специальных проектов в рамках программы Главы государства по модернизации общественного сознания.

АВТОР: Зарина Нокрабекова,
по материалам газеты
«Казахстанская правда»
от 20.07.2017 года
(перепечатано с сокращениями)



100 КОНКРЕТНЫХ ШАГОВ

ИДЕНТИЧНОСТЬ И ЕДИНСТВО (85 – 90 Шаги Плана нации)

! Из 6 шагов данного направления исполнены 3 шага и 3 на исполнении

Политика развития туризма ориентирована на создание 6 региональных культурно-туристских кластеров с необходимой инфраструктурой, географически охватывающих весь Казахстан (86 шаг)

С учетом специфики регионов, большой акцент делается на развитие новых видов туризма для Казахстана – сакральный, кемпинговый, гастрономический, сельский, охотничий, этнографический, социальный и др.





Внедряются ценности «Мәңгілік Ел» (89 шаг) в действующие учебные программы школьного образования



В основу программ заложена система ценностей «Мәңгілік ел» - казахстанский патриотизм и гражданская ответственность, сотрудничество, труд и творчество, обучение на протяжении всей жизни, открытость и уважение



Впервые Казахстан был представлен в работе Молодежного форума Экономического и Социального совета при ООН в г. Нью-Йорк, США (30-31 января 2017 года)



Пересматриваются подходы к взаимодействию с молодежными НПО с акцентом внимания на их институциональное укрепление через гранты. В текущем году будут реализованы 3 гранта, на сумму 30 млн. тенге



Совершенствуется действующая модель медиа-менеджмента и осуществляется повышение кадрового потенциала СМИ (90 шаг)

ТАРИХИ ОТАНЫНА ТУЫН ТІККЕН

(Ғұмырнамалық очерк)



1995-жыл Приозерск қаласының тарихында қаланың қайта жанданып, алға өрлеу дәуірі ретінде қалары хақ. Осы жылдан бастап қалаға оралмандар және еліміздің өзге аймақтарынан халықтың көптеп көшіп келуі қарқынды артты. Сол кездегі қала басшысы болған Сағымбай Мұқатайұлы Медеубаевтің тікелей шақыртуымен қаланың болашақ тұрғындары қалаға ат басын тірей бастағанын біз олардың сол кездегі әлеуметтік-экономикалық қиындықтарға қарамастан осында тұрақтап қалуын қамтамасыз еткені тарихтың ақ парағы беттеріне жазылып қалары анық. Арадан аттай 22 жыл өткен кезде қала түбірінен қайта түледі. Бұл осы қаланың өз тұрғындарының табан ет, маңдай тер, қажырлы қайраттарының арқасында жасалды. Бұл – қарапайым еңбек адамдарының адал да жанқиялық еңбегінің жемісі. Туған жерлерінің пұшпақтай бөлшегінің гүлденіп, өсуіне олар өз үлестерін қоса білді. Сол бір күндер әлі күнге кешегідей есімде қалған. Жаңа жер, жаңа мекен, бөтен ортаға келгенде, көңілді әртүрлі күдікті ойлар қаптағанда біздің ойласып, ақылдасатын адамдарымыздың алдымыздан шыққаны қандай керемет еді. Оларды бұрын-соңды танымағанда, қала туралы біраз жайға қаныққан және бізге ақыл-кеңесін аямаған орта болды. Олар да өзіміз секілді Өзбекстан жерінен келген бауырларымыз-тын. Көбісі сол кездегі «Горкомхоз» аталатын мекемеде жұмыс істеп жүрген болатын. Біз де сонда соғып, адамдармен танысып-білістік, жөн-жосық сұрастық.

Біз қалаға алғаш рет сол жылдың шіліңгір шілде айында қадам бастық. Шағын топпен келген біз қала әкіміне жолығып, алдағы жоспарларымызды пайымдап алған соң, оралмандардың ең көп жұмыс істейтін жері – жоғарыда аталған мекемеге бас сұқтық. Менің ең әуелі әңгімелесуді жөн санаған адамым өзім қатарлы, құрылыс саласында инженер болып қызмет ететін Нұрадин есімді жігіт болды. Себебі ол

замандасым, әрі құрылыс саласына қанық маман, көші-қонның біраз түйткіліне қанық жан. Қазақстанға қоныс аударғанына да біраз жылдың жүзі болған екен. Қаланың болашағын болжай алардай қабілет-қарымы да байқалып тұрды. Құрдас болғандықтан екеуіміз тез тіл табыстық. Осылайшы Нұрадин екеуіміз жарты сағаттан астам уақыт әңгімелестік. Ол өзінің сенімді де үміт отын жағатын сөздерімен мені иландыра түсті. Ол кезде Қазақстанның экономикалық әлеуеті әлсіз болуына қарамастан, Приозерск секілді болашағы бар қалаларды қалайда аман сақтап қалуға жағдай жасалып жатқан кезең еді. Сондықтан біздің де осы қаланың өркендеп, өсуіне қол үшін беру қажеттігімізді ұқтыра білді. Қалада коммуналдық саланың және абаттандырудың, тұрғын жайлардың санын арттырудың амалдары жасалып, құрылыс-жөндеу жұмыстарының қарқын ала бастағанын және өзінің де осы салада қызмет етіп жүргенін баяндады. Елге барғанда аталған салаларда жұмыс істейтін маман-жұмысшыларды көбірек тартуға назар аударғанымыз жөн екенін түсіндірді. Біз көшіп келуге бекем шешім қабылдап, алдағы өмірге деген нық сеніммен елімізге қайттық.

Қалаға көптеген отбасыларды ізімізге ертіп оралған соң да Нұрадинмен қызметтесте, пікірлес те, ниеттесте болып қатар ғұмыр кешіп келеміз. Саналы ғұмырымыздың басым көпшілігі осы шағын шаһармен тікелей байланысты. Ол қызмет сатысымен өсті де, қарапайым маманнан бастап бас инженер, мекеме басшысы қызметтерін абыроймен атқарды. Оның барлық жетістіктеріне тілеулес болып, бағындырған белестері үшін бірге қуандым. Ұрпақтарының өсіп-өніп, отау құрған қуаныш-тойларына ортақтас-тым. Оның алғаш келгендегі өз сөзімен желпіндіріп, үміт отын жаққаны, сөйтіп осы қалаға тұрақты көшіп келуіме себепші болғаны бір сөтке де жадымынан шыққан емес. «Жақсы адам алдағы жақсылықтарына себепкер болады» деген сөздің тегін айтылмағанына көзім жетті.

Нұрадин Есіркегенұлы Жаманбаев 1961-жылғы 10-қарашада Өзбекстан Республикасы Газли қаласында дүниеге келген. Оның аталары сонау кеңес үкіметі орнатылып, елді жаппай ұжымдастыру жүріп жатқан, байларды түгелдей тонауға көшкен, болашағы бұлыңғыр жүйенің үстемдік құра бастаған тұста аталған жүйенің қазақ халқы үшін жақсылық әкелмейтінін білгендіктен туған жерін тастап, Ауғанстан жағына ауа көшкен екен. Мал-мүлкін қызылдар тонап алғандықтан және бала-шағаның аш-жала-наштықтан жолға жарам ауы кесірінен жолжәнекей Тәжікстан төңірегіне тұрақтап қалады. Одан кейінгі көптеген елді ашаршылық жайлаған кезде жеміс-жидегі мол тәжік елінің ішінде бала-шағасын бұл зұлматтан аман алып шыққан Есіркеген ағамыз соғыс бітіп, ел еңсесін көтерген соң

ғана кейін қайтып, қазақтар және өз ағайындары шоғырланған Бухара облысының Ромитан ауданына көшіп келіп, сонда тұрақтап қалады.

Орта мектепті тәмамдаған соң Нұрадин 1977-жылы Бухара қаласындағы құрылыс техникумына оқуға түсіп, өзі қалаған техник-құрылысшы мамандығына ие болған. Еңбек жолын қарапайым құрылысшыдан бастаған ол 1989-1990-жылдары Газли қаласындағы «Газлинефтегаздобыча» мекемесінде құрылыс инженер мамандығы бойынша жұмыс істеп, кейін Құрылыс-монтаж басқармасында құрылыс инженері болып қызмет атқарды. Құрылыс саласының әліппесін осында жүріп үйренді, жыл өткен сайын тәжібесін де толықтырып, біліктілігін молықтырып отырған. Құрылыс саласының мамандары қай жерде де үлкен сұранысқа ие. Сондықтан ол қызметінің аса жауапкершілігін де түйсіне білетін. Кеңес Өкіметінің жағдайы нашарлап, халық шаруашылығының барлық саласында тоқырау кезеңі басталғанда бұның қызмет етіп жүрген мекемесі де жұмысын бәсеңдеткен. Көреген әкесі Есіркеген ақсақал осы кезде баласына: «Біздің тарихи Отанымыз Қазақстан. Есің барда еліңді тап демекші, осы бастан балаларды ата қонысқа қосуды ойластыр. Ертенгі күні ұрпақтарың өзге ұлттың теперішін көрмей, өз еліңіз ұлтаны болса да еркін өмір сүрсің...» деген насихат сөздерін жиі айтатын болған. Бұндай толқыныс сол жердегі көптеген адамдарда барын аңғарған Нұрадин үлкен ағаларымен, ақылман аталарымен ақылдаса отырып, тарихи Отанға оралуға бел байлайды. Сөйтіп 1990-жылы отбасымен және туысқандарымен бірге Қазақстан Республикасына, ата мекенге қоныс аударып, Жамбыл облысы Луговой ауданына көшіп келеді. Білікті маман бірден осы ауданға қарасты «Қарақыстақ» агроблестігінде құрылыс прорабы болып қызметке орнала-сады. Мұнда да өзінің біліктілігі және өз саласына болған құрметінің арқасында абырой-беделден кенде болған жоқ. Бірақ заманадағы кенеттен болған өзгерістер оны бұл жерде де ұзақ тұрақтандырмаған.

Кеңес Үкіметінің іргесі сөгіліп, Қазақстан өз тәуелсіздігін алған, бірден капиталистік жүйеге аттаған кезеңде ауыл, аудандардың бәрінде шұғыл жекешелендіру жүргізілгені аян. Бұндай жүйеге түсінбеген, қабылдай алмаған ел-жұрт аяқ-асты абдырап қалды. Ел ішін жұмыссыздық пен жетіспеушілік жаулады. Көзін ашып, еңбекке араласқалы құрылыс саласында қызмет етіп келе жатқан Нұрадин де не істерге білмей, дал болып қалған еді. Қалайда тығырықтан шығудың жолын іздеген ол құрылыс жұмыстары бар мекенді іздегірі занды болатын. Өзімен ниеттес жандармен ақылдаса, кенесе отырып, ақыры шақыру салып жатқан Приозерск қаласына көшіп келген. Осылайша оның осы қаладағы тұрақты өмірі басталып кетті. Келген бойда өзі қалаған жұмысы табылып, «СПМК-3ж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде құрылыс бойынша инженер болып жұмысқа орнала-сады. 1997-жылдан бастап жиырма жыл



бойы қаламыздағы коммуналдық салада аянбай еңбек етіп келеді. Одан бергі кезеңде қаламыздың қоғамдық-саяси, әлеуметтік өміріне қосқан еңбегі зор. Қаланың дамуында, өсіп-өркендеуінде оның өшпес қолтаңбасы қалды. Көпшіл, кісімен тіл табысқыш, халықтың арасында мидай араласып жүретін Н.Есіркегенұлы халыққа қызмет етуді басты орынға қоятын жан. Ел ішіндегі қуаныш-қайғыны олармен бірдей көтерісіп, қызмет көрсетуден аянбайтын оның қарапайым жұрт арасындағы құрметі мен беделі де жоғары. Осындай қарапайымдылығы, кішіпейілділігі, халықшылдығының арқасында Приозерск қалалық мәслихатының II - IV шақырылым депутаты болып сайланған. Елдің сенімі мен аманатына қылау түсірмей, бұл жұмысты да абыроймен атқарып шықты. Оның қалтқысыз қызметі ескеріліп, Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттармен марапатталып отырды. Ал, қала тұрғындары тарапынан берілген баға мен олардың алғыс-рахметтері өз алдына. 2011-жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.

Өткен ғасырдың аяғына қарай қаланы ыңғайына қарай әскери салаға икемдеу жұмыстары басталып, қазақстандық Сарышаған сынақ алаңының іргетасын қалағаны белгілі. Осынау салтанатты шараның ашылуына қарай оның қазығын қағып, алғашқы кірпішін қалау құрметі мен бақыты осы Нұрадинге бұйырғанын көптің бірі білсе, бірі білмейді. Сол кездегі қала әкімі С.М.Медеубаев арнайы шақыртып алып, бұл салтанатты шараға оны лайық көріпті. Сөйтіп оның қолтаңбасы бұл жерде де мәңгілік қалды. Осынау көңіл толқытарлық сәтті ол ешқашан есінен шығармақ емес.

Өміржолдасы Бақыт екеуі тағдырдың иыққа салған ауыр жүктерін бірге көтеріп, қиындығын да, қызығын да бірге көріп келеді. Бақыт біраз жылдардан бері Приозерск қаласы мәслихатының аппаратында маман болып қызмет етеді. Балаларының бәрі мамандық алып, қызметке орналасып және шаңырақ көтеріп, өмірдегі өз орындарын тапқан тәрбиелі де өнегелі балалар. Өткен қиын көндердің бәрі артта қалды. Олар бүгінде үлкен отбасында үш бала тәрбиелеп, немерелер сүйіп отырған сүйікті де бақытты әке мен ана хәм ата-әжелер. Туған еліне, тарихи Отанына туын тігіп, әке өсиетін бұлжытпай орындаған Нұрадин Есіркегенұлы басқалардың да бақытты ғұмыр кешуін тілеп жүретін қарапайым жан. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» деуші еді ғой...

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ,
Суретте: Н.Е.Жаманбаев

УМНЫЙ ВЗГЛЯД НА ОБЫЧНЫЕ ВЕЩИ

Новые технологии, древние традиции, известная на весь мир современная культура – национальный День Республики Корея на ЭКСПО-2017 показал самые яркие стороны Страны утренней свежести.



Свежим астанинским утром 19 июля сцена Национальных дней в самом центре ЭКСПО-2017 собрала огромное количество людей, желающих разделить с Республикой Кореей праздник.

Приветствуя гостей Национального дня, вице-министр по инвестициям и развитию Ерлан Хаиров напомнил о тесных связях, имеющихся между нашими странами, – это и широчайшее экономическое сотрудничество, и многотысячная корейская диаспора Казахстана, и активное культурное взаимодействие. Новая энергетика – это еще одно перспективное направление двустороннего партнерства. Сегодня Страна утренней свежести является одним из самых энергоэффективных государств мира, и этот опыт также интересен нашей республике.

– Претворяется в жизнь концепция «зеленой» промышленности, развиваются «умные города». Все это продемонстрировано в павильоне Кореи. Хочу пожелать, чтобы энергия будущего в скором времени стала энергией настоящего для всего мира. А энергия солнца, ветра и воды, преобразованная через иннова-

ции, все больше и лучше служила целям целого века, обеспечивая устойчивое развитие, – отметил Ерлан Хаиров.

В свою очередь постоянный комиссар Министерства торговли, промышленности и энергетики Республики Корея Ким Инг Сам выразил восхищение проделанной Казахстаном работой по подготовке к масштабному международному мероприятию. По его мнению, выставка «Астана ЭКСПО-2017», посвященная теме «Энергия будущего», – идеальная площадка для раздумий и дискуссий по актуальной для всего мирового сообщества теме. Она поможет сделать шаг к объединению усилий всех стран для поиска ответа на вызовы, с которыми столкнулся мир.

Ким Инг Сам отметил, что в рамках проводимой Кореей «зеленой» политики, страна стремится расширить вклад новых и возобновляемых источников энергии в свой общий энергетический баланс до 20% к 2030 году. Основываясь на собственных передовых технологиях, страна внедряет и разрабатывает решения в области энергоэффективности, развития экологически чистой энергии. Все это нашло отражение в экспозиции павильона, которая создавалась таким образом, чтобы быть понятной и интересной каждому посетителю.

ЭКСПО – это всегда не только диалог на заданную тему, но и масштабный культурный

обмен. Гости знакомятся с историей и современностью, культурой и уровнем развития разных стран. А национальные дни участников ЭКСПО – это демонстрация самых ярких особенностей той или иной страны.

Республике Корея, учитывая богатство как древней, так и современной ее культуры, было что показать. Павильон Южной Кореи – один из самых популярных на ЭКСПО-2017. Отметку в 100 тыс. индивидуальных посетителей он преодолел уже на 3-ей неделе работы выставки.

Мероприятия в рамках празднования продолжались в течение всего дня, из Страны утренней свежести приехало множество интересных гостей, которые также привлекали внимание к павильону.

Помимо культурной программы павильон Республики Кореи продемонстрировал и свою социальную направленность – в рамках Национального дня корейской стороной в качестве благотворительной помощи были переданы 25 велосипедов в международную общественную организацию «SOS Детские деревни».

По материалам газеты
«Казахстанская правда»,
от 20.07.2017 года





ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИДІҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҰРПАҚҚА ҚАЛДЫРҒАН МҰРАСЫ



Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымы мен рухани ізденістері руханиятымыздың қалыптасуына ықпал етуіне негіз болды деп санаймыз. Ақын-жыраулардың шығармаларында адам, қоғам, дін, дәстүр, әдеп мәселелері негізгі орын алды. Олардың рухани ізденістері халықтың салт-дәстүрі, дінімен, өмір салтымен тығыз байланысты болды. Сондықтан да олардың рухани ізденістерінде қазақ қоғамының рухани болмысының түйткілді мәселелері көтерілді.

Қазақ ақын-жыраулары дүниетанымының қалыптасуында халқымыздың мақал-мәтелдері, шешендік сөздері, факлиятты сөз саптаулары және көшпелі өмір салты мен имани ұстанымдары маңызды рөл атқарды. Қазақ даласының рухани өмірі ғасырлар бойы жинақталған халық даналығы мен рухани қазынасынан нәр алды. Далалық өмірдің өзіне тән ерекшеліктері де көп еді. Сондай ерекшеліктердің бірі – халық ауыз әдебиеті үлгілерін ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастықпен жеткізу дәстүрі болатын. Ақын-жыраулар ұлттық құндылықтарды және имандылық қалыптарын жыр жолдарымен халықтың санасына және тарихи жадына сіңіре білді.

Қазақ қоғамындағы белді тұлғаның бірі Қазыбек Келдібекұлы (Қазыбек би) Қаз дауысты Қазыбек би қазақ халқының XVII – XVIII-ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Орта жүз арғын тайпасының қаракесек руына кіретін Болатқожа атасынан шыққан ол 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келген. Арғы

аталары Шаншар абыз, Бұлбұл, өз әкесі Келдібек — есімдері елге белгілі әділ билер болған. Қаз дауысты Қазыбектің оқыған жерлері, алған білімі туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен, ел аузындағы әңгіме, аңыздар мен биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, рәміздерін, ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын айқын аңғартады. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің Бас биі еткен. Би Өз Тәукенің тұсында хан кенесінің белді мүшелерінің бірі болса, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне жиі араласып, ішкі-сыртқы саясатта ақыл-кеңестер беріп отырған. Бидің жастық шағы мен бүкіл саналы өмірі қазақ елінің өз ішінде рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке таластың неғұрлым өршіген, көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, Жоңғар шапқыншылығы үдей түскен кезеңге тап келді. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне ілесіп алғаш рет қалмақ қонтайшысы Цэван Рабданға барғанында 14 жаста екен. Қылышынан қан тамған қаһарлы қалмақ ханының алдында қазақ билері жасқаншақтық танытып, күмілжіңкіреп қалған сәтте жасөспірім Қазыбек: “Дат, тақсыр!” деп жұлқынып алға шығады да: “Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзасына жылқының қылын таққан елміз. Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Бірақ асқақтаған хан болса – хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса – күң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен күн етіп отыра алмайтын елміз. Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге — танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең – шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз. Бітім берсең – жөніңді айт,

бермесен – тұрысатын жеріңді айт!” – депті. Жас баланың бұл сөздерінен бас алыспақ батырлықты да, ынтымаққа шақырған ізгілікті де аңғарған қалмақ ханы әділдікке жығылып, өжеттігі мен шешендігіне риза болып: “Дауысын қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаз дауысты Қазыбек болсын”, – деген екен. Соның арқасында елшілік жау қолындағы 90 тұтқынды шабылған мал, тоналған мүлігімен шашау шығармай қайтарып алып, елге олжалы оралған екен. Қазыбек бұдан кейін де жоңғарларға екі рет елшілікке барып, ел намысына дақ түсірмей, көздеген мақсатын орындап қайтқан. Қаздауысты Қазыбек елін, халқын сүю қажеттілігін ардақтап, оны жеке әрекетімен де, ұрпаққа қалдырған даналық өсиетімен де дәлелдеп өткен. Сол замандағы жаугершілік Қазыбек бидің Жоңғария хандығына бітімгершілікке барған сапарларындағы алғыр ойын, ақылмандығын, білгірлігін – халқының мүддесі жолында жұмсағанын ерекшелейді. Халық жадында қалған кезекті мәмілегер елшілігі «Біз, қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз...» деп басталатын атақты сөзін айтатын сапары екі елдің дау-жанжалын бейбіт жолмен тындырып, бітімге келтіріп, екі елдің жер шебін белгілеуге жетелеген. Мұндай тарихи факторлар ел данышпанының әлеуметтік философиясындағы Отанына деген көрегенділік пен тапқырлығының жоғары деңгейі. Бізге жеткен ел мұрасына сүйенсек, бірде үш жүздің жақсылары бас қосып мәселеге тоқетерін айтатын адамды байланыстырады. Айтыс қызған шамада Қазыбек шешеннің мына сөздері халық есінде ерекше сақталған: «Аға төреші болмайды – алдында қайырылары жоқ, іні төреші болмайды – артында қайырылары жоқ. Айбар қылар алдында ағасы бар, қайымығарлық артында інісі бар, екі жағынан да қауіп зор, сол себепті билікті айтатын төбе билік ортаншы ұлға лайық!» депті.

Қазыбек би мемлекет істерімен қатар руаралық, сұлтандар арасындағы кикілжің тартыстарға да әділ билігін айтып отырған. Орыс патшасының өктемдігіне қарсы 1740 жылғы башқұрттар көтерілісінің басшысы Қарасақалдың Қабанбай батырға бармас бұрын Қазыбек биге келіп паналағаны белгілі. Ал Барақ сұлтан қысастықпен 1748 ж. 24-

тамызда Кіші жүз ханы Әбілқайырды өлтіргенде, мұны ел бірлігіне іріткі салатын қылмыс деп бағалаған. Би 18-ғасырдың 40-жылдарының басында Сыр бойынан Арқаға қарай көшіп, Ұлытау, Қарқаралы өңірін қоныс қылып, Семізбұғы тауының беткейлерін жайлаған. Қазыбектен: Бекболат, Қазымбет, Базаргелді, Барқы, Сырымбет есімді бес ұл, Маңқан (Қамқа) деген бір қыз туған. Қазыбек ұрпақтары ата-баба жолын қуып, сөз ұстаған парасатты әділ қазылар атанған. Баласы Бекболат, одан кейінгі Тіленші, Алшынбайлар да дүйім жұртты аузына қаратқан әділ де тура билер болған. Белгілі әнші-композитор Мәди Бәпиұлы да Қазыбек бидің ұрпағы. Қазыбек би 1764 жылы Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында 97 жасында дүниеден өткен. Денесін баласы Бекболат Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне апарып жерлеп, басына құлпытас орнатқан. Қазыбек бидің қайраткерлік қызметі мен шешендік өнері туралы Алексей Левшин, Шоқан Уәлиханов, Шаһабуддин Маржани, Балтабай Адамбаев, Нысанбек Төрехұлов, т.б. зерттеулері сақталған. Жазушы Софы Сматаевтың “Елім-ай” романында кеменгер бидің келісімді тұлғасы жасалған. Қарағанды облысында бір ауданға, Алматы, Шымкент қалаларында көшелерге би есімі берілген, ел ордасы – Астанада ескерткіш орнатылған. Қазыбек бидің әдеби мұрасы әр жылдарда баспадан жарық көрген шешендік сөздер жинақтарына енгізілген.

Қаздауысты Қазыбек бидің Қазақстанның саяси-құқықтық тарихында айрықша тұлға екендігін айтуға болады.

Өзінің жалпы тұлға болмысымен ғана емес, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан шешендік өнерді өз дәуірінде жарқырата танытқан, Қазақ шешендігін «от басы, ошақ қасы», жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты тұрмыстық-әлеуметтік мәселелерден биіктетіп, халықаралық елшілік, дипломатиялық саясатқа биік белеске көтерген – Қаздауысты Қазыбек бидің ұлттық шешендік өнердегі орны айрықша.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді жамығту бөлімі» ММ

Тіл – ұлттың айнасы

ТІЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

«Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» - деген екен ана тілімізге төнетін қауіптің боларын сонау заманда сезген ұлы бабамыз Ахмет Байтұрсынов. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кер заманда қазақ тілінің үнін біржолата өшіріп, жойып жіберуге қолдан келген барлық амал-айла, іс-шара жасалғанын білеміз. «Жыртық үйдің құдайы бар» демекші, құдайға шүкір, қызыл империяның айтқаны келмеді, арманы орындалмады. Қылышынан қан тамған кеңес өкметінің қаһарынан қорықпаған талай қазақ зиялылары ана тіліміздің жойылып кетпеуі үшін ашық та, ішінара да күресіп отырды. Шона Смаханұлы секілді ұлт жаушылары бастаған ақын-жазушылар қауымы осы әрекеттері үшін партияның тоқпағына қанша ұшыраса да, мойымады, қайтпады, қорықпады. Үлкен қалалардағы қазақ мектептерін жабу науқаны қарқынды жүруіне қарамастан, олардың қатарын сақтап қалу жолында қолдан келер барлық шаралар жасалынды. Естеріңізде болса, сол заманда орыс мектептері шалғайдағы аудандар мен ауылдарда да ашылып жатты. Орыс тіліне барлық жерде қажеттілікті жасап қойды. Орысшы білмеген кез-келген дарынды маман басшылық қызметке жіберілмеді. Барлық құзырлы орындарды орыстар мен орыс тілділер иеленді. Осының әсерінен жүз пайыз қазақ ұлтының өкілдері тұратын ауылдарда да балаларын орыс мектептеріне мәжбүри беру үрдіске айналды ғой. (Міне, осы әдісті дәл қазір қазақ тілінің күзіретін көтеру, мұқтаждық тудыру үшін пайдалану керек деп есептеймін). Дегенмен, қазақ жұрты толық және көбірек орналасқан оңтүстік өңір мен батыста ана тілімен қатар өздерінің салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, ұлттық

құндылықтарын көзінің қарашығындай сақтап қала алғандар болды. Әсіресе Монғолия, Қытай, Өзбекстан, Түркменстан секілді мемлекеттерде тұрақтаған қандастарымыз ана тілінің ажарын кетірмей сақтай білді.

Иә, ол заманның келмеске кеткеніне де ширек ғасырдан асты ғой. Неге осы күнге дейін тіліміз жеткілікті дәрежеде дамымай, кенже қалып келеді? Ойлап отырсаң, осылай болуына белгілі дәрежеде өзіміздің де кінәміз бар деп пайымдаймын. Біріншіден, қарапайым қазақ отбасыларының ана тіліне мән бермей, құлықсыздықпен қарауы, орысша білуге болған қалыптасқан құлдық сана әсер ететіндей. Екіншіден, балаларымыздың көшеде немесе қоғамдық орындарда қай тілде сөйлесетініне мән бермейміз. Үшіншіден, әлі күнге баланы ана тіліндегі балабақшалар мен мектептерге саналы түрде беруге атүсті қараймыз. Төртіншіден, бес қазақтың арасына бір орыс келсе сол тілде шүлдірлесетін үйреншікті әдеттен арыла алмай келеміз... Санай берсек, мұндай мысалдар көп-ақ. Жуықта жарияланған Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында астарламай-ақ Қазақтардың «Ұлттық коды» туралы, әр ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлері болу керектігін, соның ішінде тіл мен дінінің алға шығуы жайында айтты ғой. Сонда біз еш ұлттың алдында ұялмайтын мықты, арлы ұлт боламыз емес пе?..

Бұдан бірнеше жыл бұрын Елбасының «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» - дегені есімзде. Мен сол кезде Балқаш аудандық пайдалану бөлімінде қазақ тілі оқытушысы және аудармашы болып қызмет етіп

жүргенде осы сөз тіркесін кіре берістен анық көрінетін жерге үлкен қаріптермен жазып, іліп қойғаным бар. Бұны сол кездегі бөлім бастығы Самат Жаманбалин бауырымыз да қолдады және қарамағындағылардан мемлекеттік тілде сөйлесуді талап етті. Орыс тілінде сөйлейтін қазақтар бізге келгенде киналақтап қалатын күйге түсті. Әрине, сан жүзінде солай болуы қажет еді. Нәтижесінде мекеме қызметкерлері қызметтерінде қалу үшін қазақ тілін үйренуге, білуге һәм сөйлесуге бет бұрды. Құнты жоқтары немесе үйрене алмайтынын білгендер өз өтініштерімен жұмыстан шығып кетті. Бұл шара мәжбүрлеу емес, мұқтаждық тудыру және Атазаңның талабын орындау ғана болатын.

Президент мақаласынан кейін көп жерлерде мемлекеттік тілге деген көзқарастың өзгерісі мен серпілісі байқалады. Біз қазақ қауымы қай уақытта да тәрбиені өзімізден бастауға тиіспіз. Әсіресе тілге деген. Ана

тілін жетік білген әрбір адам өз тілінде газет-журнал, кітаптар оқып, қазақша бағдарламаларды қарауға үйренеді және дағдыланады. Содан барып өзінің ұлттық құндылықтарынан сусындай бастайды. Өзгелерге үлгі болу үшін ең әуелі біз өзіміз шындап бет бұруға, оңға қайтуымыз қажет. Өкінішке қарай өзге ұлттар балаларының болашағын ойлап балабақшалар мен мектептерге беріп жатқанда, өзіміздің қазақтардың орыс сыныбына балаларын бергеніне куәміз. Балалардың болашағына осы бастан балта шаппай, келешегін ойлайық та. Бәзбіреулер қаласа да, қаламаса да уақыт өте қазақ тілінің мәртебесі өсіп, жоғарыда айтқандай қажеттіліктің туатын күні алыс емес екеніне өз басым шүбәсіз сенемін. Сондықтан ана тіліміздің болашағы өз қолымызда екенін бір сәт естен шығармайық!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі

Байқауда бақ сынасты

ҮЗДІК АУДАРМАШЫ

9 маусым күні Мемлекеттік тіл саясатын насихаттап, тілдің қолдану аясын кеңейтіп, мәртебесін биіктетуге бағытталған «Үздік аудармашы» атты қалалық байқауы өткізілді. Байқауды «Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ әлеуметтік тапсырысы бойынша «Жастар-Жастарға» ҚҰ өткізді. «Үздік аудармашы» байқауы аудармашылардың іс жүргізудегі біліктілігі мен тәжірибесін сараптау, аударма мен мемлекеттік тілде дайындалған іс қағаздарының сапасын арттырып, қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтау мақсатында ұйымдастырылды.

Байқау ресми құжаттарды аудару, көркем аударма және жаңа терминдер әлемі сияқты 3 кезеңнен тұрды. Әділ қазылар шешімімен I орынды Рахманкулова Алтынай Сабыржанқызы, II орынды Тұрдымұратова Гүлжан Нұрмұратқызы және III орынды Мырзабаева Марина Турлыбекқызы иеленді.

Шара соңында байқауға қатысушылар «Еліміздің әр ісінде мемлекеттік тілдің қолданылуы кенеше берсін, біз соған өз үлесімізді қосамыз!» - ұранымен көпшілікке жар салды.

«Жастар-Жастарға» ҚҰ

ТУҒАН ЖЕР

ЕРІМБЕТ МОЛДА-ҒАЛЫМ

Елімізде кеңес үкіметінің орнауы қазақ еліне үлкен зұлмат, нәубет болып келгені бүгінгі таңда баршаға аян. Кеңестік жүйе қазақ елінің қалыптасуы мен өлет-ғұрпынан, дінінен, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан, жалпы ұлттық құндылықтарынан айыруға барынша күш салды. Басты мақсаттары орта азиядағы түркі тілдес ұлттардың түп тамырына балта жауып, орыстандыру саясатын жүргізу болғаны аян. Соның ішінде ең бір қатты шүйліккені дініміз болатын. Атеистік бағытты қолдап, желеу еткен қызылдар дінді мейлінше даттап, ишан, молдаларға ашық шүйліктеді. Бірін итжеккенге айдаса, кейбірін түрмеге тоғытты. Осылайша діни сауатты, білімді азаматтардың түбіне жеткен кеңестік жүйе ұлттардың тілін жою саясатына көшті.

Тауелібай аталатын біздің Тамды аймағында Ерімбет молда атанған (шын есімі Ермұхаммед) кісі өмір сүрді. Ерекен жайында ел ішінде әртүрлі аңыз әңгімелер көп болатын. Менің әкем Қыдырмұрат аудан орталығына сессия, пленумдарға барған сайын Ерекенге сәлем беріп тұратынын, ол кісінің өте биязы, сыпайы, кісіге ауыр сөз айтпайтын, артық-ауыс сөйлемейтін және сұрағанына нақты жауап беретін жан болғанын айтып отыратын. Ол кісінің Мунир деген жүк көлігін жүргізуші ұлы біздің фермада біраз жылдар кезекші көлік жүргізушісі болды. Мүкең де әкесіне тартқан өте сыпайы жан еді. Біз осы мақаламызда Ермұхаммед Шабарұлының өмір тарихы жайында оқырмандарға біраз мағлұмат беруді жөн санадық.

